



Ақмешіт

24 сәуір
сенбі

№32 (1734)

2021 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

ЖЫЛ
30

«ҚОҒАМ БОЛЫП ЖҰМЫЛСАҚ ҚАНА ЖАҚСЫ НӘТИЖЕГЕ ЖЕТЕМІЗ»

Қала әкімі Ғ.Қазантаевтың
қызылордалықтарға үндеуі

Құрметті қала тұрғындары!
Өздеріңізге белгілі, бүгінде әлем елдері үшін ортақ індетке айналған коронавирусты жұқтырғандар саны өкінішке орай біздің өңірімізде де күннен күнге артуда.
Осыған орай тұрғындардың қауіпсіздігі мен індеттің алдын алу мақсатында сақтық шараларын күшейтудеміз. Қала әкімдігінің жанынан құрылған мониторингтік топ мүшелері қала аумағындағы халық көп шоғырланатын орындарды (мейрамхана, дәмхана, кафе, қоғамдық көліктер, халыққа қызмет көрсету орталықтары) аралап, карантин талаптарын сақтау бойынша түсіндірме жұмыстарын тұрақты жүргізіп келеді.
Соған қарамастан дүйім жұртты дүрліктерін дерттің алдын алуға келгенде бейқамдық танытып, дерттің дендеуіне немқұрайлы қараған тұрғындар көңіл көтеретін орындарда жиі бой көрсетіп, той-томалақтар өткізіп, отбасылық шараларды кең көлемде атап өтіп, басқа да ырым-жоралғыларға толы кештер мен басқосуларды өткізуде.
Аталған жағдайлардың салдарынан сақтық шаралары мен санитарлық талаптар сақталмай, Қызылорда қаласы «қызыл» аймаққа еніп отыр.

Ардақты ағайын, қадірлі жерлестер!
Осындай індет өршіп тұрған қиын кезеңде жеке бастың қауіпсіздігін сақтап, жақындарыңа жанашырлық танытудың маңызды екенін ұғынсаңыздар деймін. Өздеріңіздің қауіпсіздіктеріңізге жоғары жауапкершілікпен қарап, айтылған заңдылықтарға бағынуларыңызды сұраймын.
Саулық үшін сақтық шараларын ескеріп, қоғам болып жұмылсақ қана індетпен күресте жақсы нәтижеге қол жеткіземіз. Сонымен қатар вирустың таралуын азайтудың бірден бір жолы – екпе егу жұмыстарына жауапкершілікпен қарау.
Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қауіпті індетті жеңіп шығу үшін вакцина егудің маңыздылығын ерекше атап өткен болатын.
Осы орайда, өз денсаулығына, жақындарының амандығына алаңдаған әрбір қызылордалықты вакцина салдыруда белсенді болуға шақырамын.

САУЛЫҚ – САҚТЫҚТА

Осы аптада облыстық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті Қызылорданың «қызыл аймаққа» енгенін хабарлады. Сол күні қала әкімі Ғанибек Қазантаев үндеу жасап, халықты індеттен сақтануға шақырды. Ал бейсенбіде облыстық бас санитар дәрігердің қаулысы шығып, шектеу шаралары күшейді.

ҚЫЗЫЛОРДА «ҚЫЗЫЛ» АЙМАҚТА

Облыстық денсаулық сақтау басқармасы 22 сәуірде аймақта КВИ жұқтырған тағы 72 науқас тіркелгенін хабарлады. Оның ішінде Қызылордада – 38, Қазалы – 5, Қармақшы – 7, Жалағаш – 1, Сырдария – 3, Шиелі – 7, Жаңақорғанда – 11 дерек. Анықталған 72 жағдайдың 31-і симптомды болса, 41-і симптомсыз жағдай және олардың 20,8 проценті инфекциялық стационарға жатқызылған.

Қазіргі кезде 57 науқас үй жағдайында бақылауға алынған. Соңғы тәулікте анықталған деректің 43-і жаңа ошақ ретінде танылды. Яғни 26 адамда КВИ симптомсыз болса, 5 адамнан ақылы сынама тапсыру кезінде және 12 науқасан жоспарлы стационарға жатар алдында анықталған. Қалған 29 жұқтыру жағдайы қарым-қатынас арқылы деп танылды. Облыс бойынша инфекциялық стационарға 313 науқас жатқызылып, жүктеме 43,8 процентті құрап отыр. Ал реанимациялық төсек-орында 36 науқас ем қабылдауда. Оның ішінде шаңардағы облыстық жұқпалы аурулар ауруханасында 16, көпбейінді облыстық ауруханаға 4 адам жатқызылған.

Сонымен қатар 21 сәуірде аймақ бойынша барлығы 32 адам коронавирустан жазылып шыққан. Оның 24-і Қызылорда қаласында, 3-і Сырдария, 4-і Шиелі және 1-і Жаңақорған ауданында. Жалпы эпидемиологиялық маусым басталғалы облыста 4230 адам, 85,2 процент науқас Covid-19 вирусынан жазылып шыққан.

Коронавирус инфекциясы анықталған азаматтармен 20409 адам байланыста болған. Тікелей қарым-қатынаста болғаны – 17661, ықтимал қарым-қатынаста – 2748.

Жалпы 21 сәуірде барлығы 1705 азамат зертханаға сынама тапсырған. Оның 1129-ы тексеріліп, қазіргі таңда 576 сынамамен жұмыс жасалуда. Қалдық тест саны 18967-ні құрайды. Эпидемиологиялық маусым басталғалы 299 366 сынама тапсырылған.

Республикадағы коронавирус жағдайы туралы covid19.gov.kz ресми сайтында осы кезге дейін вирустан қайтыс болғандар саны көрсетілген. Сайттағы мәліметке



**ҚЫЗЫЛ
АЙМАҚ**

**БЕТПЕРДЕ
КИІНІЗ
COVID-19**

сәйкес, елде ПЦР+ бойынша 3512 адам көз жұмса, ПЦР- бойынша 764 науқас қайтыс болған. Ал ҚР Денсаулық сақтау министрлігі 21 сәуірде елімізде 32 адам КВИ-дан көз жұмса, оның 3-і Қызылорда облысынан екенін хабарлады.

Covid-19 жұқпасына қарсы екпе маусымы басталғалы өңірге 5 партиядан барлығы 21100 доза вакцина жеткізілген. Оның қазіргі таңда 21060 пайдаланылған. 21 сәуірде Қызылорда қаласында жалпы саны 115 екпе етілген. Ал сол күнге дейін шаңарға бөлінген вакцинаның 99,9 проценті, яғни 14987 дозасы игерілген. Облыс бойынша 21057 азамат коронавирус

инфекциясына қарсы екпе қабылдаған.

Денсаулық сақтау басқармасының мәліметінше, екпе алған тұрғындар дәрігер бақылауында және денсаулық жағдайына байланысты шағымдану дерегі тіркелмеген. Екпе алған азаматтардың барлығы авторизациялаудың бірыңғай тетігі «Денсаулық сақтаудың бірыңғай ақпараттық жүйесіне» енгізілген. Вакциналандыранд контингентінде медицина қызметкерлері, мұғалімдер мен учаскелік полициялар көш бастап тұр. Осы кезге дейін 7344 дәрігер, 5878 мұғалім мен 1393 учаскелік полиция вакцина салдырған.

А.НҰРАЗҒАЛИ

ӘБИГЕР

ӘЛЕМ

THE WALL STREET JOURNAL.

ҚЫТАЙДЫ АЛАҢДАТҚАН МӘСЕЛЕ

Өткен аптада әлемдік БАҚ «Қытайдың халық саны төмендеуі мүмкін. Жастары шаңырақ көтеруге асығар емес» деп өре түргеле, жарыса жазды. Алғашында, рейтинг үшін жасалған әдіске жорып, елемей өткенімізбен, ақпарат ауқымы мүйізі қарағайдай басылымдарға ойысқанда сал кідіруге тура келді. Әйтпесе, «сұрбойдақ» пен «оң жақта отырған қызды» жайы қалып Қытайды алаңдатады дегенге кім сенер...? Миллиардтан астам халықтың мұндай мәселені көтеріп, күн тәртібіне шығаруы қисынға да келмейді. Оның үстіне, түрлі таптаурындар мен ұғым-түсінік Қытайдың нақты санын көмескілендіктен, бүгінгі жұрттың сене қояны қиын еді. Алайда ақпаратқа дендей енгенде мәселенің мән-жайы нақтылана түсті. Осыған орай «The Wall Street Journal» газетінің тілшілері Чоу Дэн мен Лиянь Цидің «Қытайдағы отбасы құндылығы: бұзылған неке қауіпі» атты мақаласына талдау жасау жөн секілді. Себебі көршінің бүгінгі шешімі келешек бізге де салқынның тигізуі үшін «ішкі тін» тарқату дұрысырақ.



Сейсенбіде жарық көрген мақалада «аспан асты елінің» демографиялық өзгеру тарихы, саяси және партиялық бағдарламалар, әлеуметтік-тұрмыстық көрсеткіш қамтылып, мәселеге толыққанды зерттеу жүргізілген.

«Си Цзиньпиннің басқаруы тұсында Қытай коммунистік партиясы отбасы құндылығы, жастардың ерте некеге тұруы, елдегі әйел рөлді секілді мәселені қайта қарап, ұсыныстарды талқылау көбейді. Ондағысы, шаңырақ көтеруге асықпайтын, тіпті жұп болуға мүлде қарсы замануи қытай әйелдерін «отбасына қайтару» екені анық. Партия әйел теңдігі хақында біршама жұмыс атқарғанымен, қазіргі таңда қыз-келіншектің отбасын ойлауы қажет деген ұғымды сіндіруде. Соған сәйкес, әйелдің «от басы, ошақ қасында» болып, балаға қарау, қарттарға жәрдемдесу секілді әрекетті естен шығармауын қалайды. Оған қоса бала туу көрсеткішінің төмендеуіне және некеге тұру азайғанына алаңдаушылық білдірді. Мао Цзэдун басқарған тұста әйелдерді еңбекке араластуға үндеп, тұрмыс құру мен балалы болуға асықпауға шақырған еді. Тіпті кейін «Бір отбасы – бір бала» қағидасын бекіткені мәлім. Ал бүгінгі билік керісінше әрекет етуге көшкен.

Расында, Қытайдағы демографиялық ахуал жаңа әлеуметтік-саяси сипат алған секілді. Мұны партияның басты ұранынан да байқауға болады. Ғаламторда жарияланған мемлекеттік ұранда «Отбасы, отбасы сауаты мен отбасы құндылығы» тіркес жиі кездеседі. Мамандар болса, мұндай қалам көнігі саяси комбинация болуы ықтимал деген пікірде. Себебі өткен жылдың қараша айынан бастап ҚХР-да жалпыұлттық халық санағы жүргізілуде. Халық саны төмен түспеуі үшін партия санақтың мерзімін ұзартып, жағдайды өз ыңғайына жығуы мүмкін екен.

«Қаладағы қытай қыздары тұрмыс құруға құлықты емес. Мысалы, 28 жастағы Лян Вэйди алайық. Ол жылына бір рет қана кездесуге барады, ал жігітпен ең ұзақ қарым-қатынасы төрт жыл бұрын болған. Шанхайдағы білім беру ұйымында қызмет атқарғандықтан оның қаржылай қиындығы жоқ. Ол өзінің Цзяньси аймағында тұратын әке-шешесіне тұрмыс құруға қыстамауын, ешкімге қоспауын, «танысу бұрышына» (Қытайдағы отбасын құруға көмектесетін агенттіктер - ауд.) бармауын үнемі ескертіп отырады. Ол бізбен әңгімесінде: «Мен өмір бойы тұрмыс құрмауым мүмкін» деп.

Күрәліан Чен – Бейжіңге жақын маңдағы Чжанцзяжоу қаласында тұратын 32 жастағы Қытай азаматшасы. Ол өз шаһарындағы қыздардың тұрмыс құруға асықпайтынын, жұмыс пен достармен уақыт өткізуге құштар екенін растады. Тіпті «Егер маған біреу шаңырақ көтеру туралы сөз бастаса, қалып кетер едім» деп ойымен бөлісті» – дейді мақала авторы.

Осы тұста сөз кідіріп, шығыс халықтарына ортақ әлеуметтік әдет-ғұрыпқа көңіл бөлгім келеді. Бұрынғы қазақ қоғамында қалыпта саналған «атастыру», «әке-шеше ықпалымен бас қосу» ұғымы Қытайдың дәстүр-салтында әлі күнге кездесетінін білгенде таңданыс туды. Себебі өткен ғасырдың ортасында ел билігі ата-ана баланың некеге қатысты ісіне араласуға болмайды деген заң шығарған-тұғын. Авторлар Қытайда сонда да болса ата-ананың күйеубала/келін таңдауда баланы үгіттеуі, балалары туралы ақпарат алмасып, кездесу ұйымдастыруы тыйылмағанын айтады.

КҮН ЖАМАНЫ КЕТЕР...



Дүниежүзін әбігерге салған дерт дендеп барады. Бұдан арылудың жалғыз жолы – отбасында оқшаулану. Бұған дейін дәрігерлер атап айтқандай, екпе ектіру аурудың ауылын алыстады.

Алайда ағайын әлі де болса салғырттық танытып келеді.

Облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті Қызылорданың «қызыл аймаққа» өткені жөнінде ақпарат жариялады. Бұл барша Сыр жұртшылығының қоғам алдындағы жауапкершілігін сезініп, сақтану жолдарын күшейту керектігін көрсетіп отыр. Ендеше ел болып ұрпақ пен ұлт алдында жанашырлығымызды танытайық. «Отан – отбасынан басталады» деп білсек, барлығымыз бетперде тағып, антисептик колданып жүрейік, жерлестер.

Былтыр ғана өкпеге киймайтын небір атпал азаматтарымыз осы індеттің кесірінен өкпесі қабынып, тынысы тарылып арамсыздан алыстап кете барғанын білесіздер. Ендеше елім, жұртым әрбір ізіңізді жұмыссыз бөлек болғанымен тынысымыз бір екенін естен шығармайық.

Еңселі Еуропаның өзін есеңгіретіп жіберген жаман індеттің іргемізден аулақ болуы арақашықтық сақтауымызға тікелей байланысты. Сондықтан Сыр елін сақтыққа шақырып, індетті үдетіп алмауға үндеймін.

Халқымызда «Күн жаманы кетер» деген даналық сөз бар. Алда әлі талай тойымыз болар. Әзірге жиын-тойды доғара тұрайық. Сыр өңірі сақтыққа салғырттық танытпайды деп сенемін.

Серік ДҮЙСЕНБАЕВ,
облыстық ардагерлер
көнесінің төрағасы

БОСАҢСУҒА ӘЛІ ЕРТЕ



Қызылорда облысы «қызыл аймаққа» енді. Бұл қауіпті індет қайта белен алып келеді деген сөз.

Әлемді жаулаған пандемия адамзат өміріне қауіп төндіріп қана қоймай, сан жылдан бергі

өмірімізде басшылыққа алып келе жатқан құндылықтарымызды да өзгертті. Алты құрлыққа ауыз салған кесел күн санап оршымесе, беті қайтқан жоқ. Босаңсып, қауіпсіздік шараларын ұмытуға әлі ерте.

Көрінбейтін кеселмен күресу оңай емес. Әлі де сенімсіздік танытып жүргендер бар. Дүние жүзі бойынша вирус күшейген елдердің әр адам өмірі үшін күресіп жатқанын күнделікті жаңалықтардан көріп отырымыз. Басқалардың қателігін қайталамауымыз қажет. Саулық – сақтықта екенін санамызбен толық ұғынатын кез келді. Сақтық шараларына салғырт қарамайық. Индетпен күрес мәселесіне ойлы көзбен, ақылы жүректен қарауға, түсінікті танытуға шақырамын.

Тек сақтық шараларын қатаң сақтанғанда ғана біз бірлесіп, індеттің алдын ала аламыз. Біріккен елдің алмас қамалы жоқ, бұл кезең де артта қалатынына сенемін. Әрдайым саулықта болып, сақтық шараларын қатаң ұстанайық.

Бейбіткүл КӨРІМОВА,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры

МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ

Француз жазушысы Эмиль Золя «Өмірдегі жалғыз бақыт – алға қарай ұмтылыс» деген. Ал ұмтылыс даму мен жетілдіруден тұрады. Апта ортасында қызылордалықтар «Бақытты отбасына» бақытын іздеп барған еді. Алайда жұмыспен қамту бөлімі бір мезетте мұнша көп адамға бақыт, яғни грант ұтып алуға жолдама сыйлай алмайды екен. Жалпы мұндай олқылықтың орнауына не себеп?



«БАҚЫТТЫ ОТБАСЫНА» БАҚЫТ ТАБЫЛДЫ МА?

Мәселенің бір ұшы әлеуметтік желіде тараған «тегін грант беріледі» деген жалған хабарламада жатыр. Нәтижесінде қалалық жұмыспен қамту орталығына «Бастау бизнес» жобасын оқу үшін жолдама сұраған. Бірақ сол күнге тек 112 адам тіркеліп, сайттың базасы автоматты түрде

жабылып қалған. Орын алған келенсіз жағдайды шешу мақсатында қызметкерлер басымылықтан 250 адамды тіркеуге рұқсат сұраған. Осылайша 19-25 сәуір аралығында өтетін тіркеуге тұрғындар бір күнде тіркелмекші болған.

2 БЕТТЕ

4 БЕТТЕ

Ф.Қазантаев, қала әкімі:

«ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК МӘСЕЛЕСІН РЕТТЕУ КЕРЕК»

«Жақында ғана қала әкімі қызметіне тағайындалған Ғанибек Қазантаев қала тіршілігіне білек сыбана кірісті. Өз жұмысын алдымен тұрғындармен кездесіп, мұн-мұқтажын тыңдаудан бастаған шаһар басшысы енді қаланың басты проблемаларын шешуге кіріскендей. Бұлай деуіміздің себебі апта басында ол «Қызылорда автобус паркіне» барды.



«Қала тұрғындарының қоғамдық көлікке деген сұранысын қанағаттандыру және қаламыздағы көлік қатынасын реттеу мақсатында бұл оқылықтарды тез арада реттеу керек», – деген шаһар басшысы мекеме басшыларына тапсырманы тез арада орындауды тапсырды.

Қазіргі кезде қала ішілік бағытта 25 және қалаға жақын елді мекендерге қатынайтын 8 бағыт бар. Яғни қаладағы 33 маршрут бойынша 585 автобус екі ауысыммен қызмет етеді және оның 135-і автопарктегі теңгерімдегі көліктер. Ал жеке тасымалдаушылармен келісім шарт негізінде 450 автобус халыққа қызмет көрсетуде.

Қысқасы, осы кезге дейін тұрғындардың сұранысында көш бастап тұрған мәселенің бірі болған «маршрут мәселесін» Ғанибек Қазантаев аз уақыт ішінде шешуді тапсырды. Қала басшысының «тез арада» дегені нақты қанша уақыт екені белгісіз, бірақ тапсырмаға орай көліктер ретке келтіріліп, қаланың кей аумағына қарай баратын арнайы бағыт пайда боларына халықтың сенімі мол.

А.ЖАЙҚОНЫСҰЛЫ

2013 жылы серіктестік аймақтың бас шаһарындағы тасымалдау сапасын жақсарту және көліктердің жұмысын жүйелі басқару мақсатында құрылған. Қазіргі кезге дейін 135 жаңа автобуспен толыққан, әлеуметтік маңызды деген 6 бағыттағы сыйымдылығы аз көлікті ауыстыруға мүмкіндік берген. Дегенмен көпшіліктен қаладағы қоғамдық көлік тарапына айтылатын сын мен ескертпе аз емес.



Жауапкершілік жүгі ауыр қызметте жүрген серіктестік құрамындағы кей көліктер ұзақ мерзімді, күрделі және ағымдағы жөндеуді қажет етеді. Осы орайда қала әкімі бұл мекемеге қаладағы қоғамдық көлік жайын реттеуді тапсырды.

БРИФИНГ

ҰБТ ЭЛЕКТРОНДЫ ФОРМАТТА ӨТЕДІ

Биыл мектеп бітіруші түлектер үшін ҰБТ жаңа ереже бойынша өтеді. Түлектер сынақты екі рет тапсырып, ең жоғарғы деген нәтижені грант иелену үшін конкурста жолдай алады. Жаңа ережедегі жаңашылықтар туралы білім басқармасы басшысының орынбасары Бағдат Бердаулетов мәлімдеді.



Мектеп бітіруші оқушылар 6 мамыр мен 30 маусым аралығында өзіне ыңғайлы уақытты таңдап, ұлттық тест тапсыратын күнді белгілейді. Бұрынғыдай топтасып тест тапсыруға жол берілмейді. Тиісінше карантиндік шараларға баса назар аударылады. Яғни 1 күнде 10-20 бала аралығында тест тапсыруы мүмкін. Бастысы, арақатынасты сақтауы қажет.

– ҰБТ енді екі рет тапсырылады. Және бұл формат ашық әрі әділ өтеді. Бұл балалар үшін өте тиімді. Біріншіден, мектеп бітірушілер тест күнін күтіп, күйзеліске ұшырамайды. Екіншіден, сынақты екінші рет тапсыру мүмкіндігі жүйкеге түсетін салмақты азайтады. Жалпы биыл облыстағы 261 мектептен 7004 оқушы мектепті аяқтайды. Балалардың 90 пайызы ҰБТ-ға қатысады деп жоспарланатын отыр. Ал сынақ тестілеу орталықтарында электронды форматта өткізіледі, – деді облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Бағдат Камбозұлы.

Айта кету керек, ҰБТ-ға қатысушы арнайы талап ережеге сай тексеріліп кіргізіледі.

– Тестілеу форматы биыл біршама өзгертілгенін білесіздер. ҰБТ-ға қазір 16 жасқа толмаған оқушы оқу орнының анықтамасымен ғана кіре алады. Тестілеуге кіргенде оқушы таңысу актісіне қол қояды. Бұл тыйым салынған заттар жоқ екендігін көрсету үшін. Барлығы талапқа сай болғанда ғана, талапкер аудиторияға кіре алады. Ал ғимаратқа ұстаздар мен ата-аналардың кіруіне тыйым салынды. Бұл енді карантин талаптарына сай жүргізіледі. Біз бұл жағдайды ескеріп, әрбір аудиторияға бейнебақылау орнаттық. Мұнда ата-аналар тестілеудің қалай өтетінін жаққанын онлайн бақылай алады, – деді «U-Future» ЖШС Қызылорда облыстық филиалы тестілеу орталығы директорының орынбасары Шаһар Қалыбекова.

ӘУЕЖАЙДЫҒЫ ЖОЛАУШЫЛАР ТЕРМИНАЛЫ КЕҢЕЙТІЛЕДІ

Биыл «Қорқыт Ата» әуежайының жаңа жолаушылар терминалының құрылысы бойынша жұмыстар басталады.

Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында өткен брифингте облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы басшысының орынбасары Дамир Тілеуов мәлімдеді.



– Қазіргі таңда әуежайдың жаңа жолаушылар терминалы құрылысы жобасын іске асырудың тиімді нұсқасы – қолданыстағы әуежай терминалын кеңейту болып отыр. Ол үшін жергілікті бюджеттен тиісті қаржы бөлініп, жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленді. Қазір мемлекеттік сараптамадан өтуде. Аталған жұмыстар бітсе, терминалдың көлемі қазіргіден екі есеге, яғни 1400 шаршы метрге кеңейеді. Ал кеңейтілген әуежай терминалында барлық халықаралық стандарт талаптарына сай жолаушыларға қызмет көрсетуге қажетті жағдайлар қарастырылатын болады, – деді Дамир Маратаұлы.

Бүгінде «Қорқыт ата» әуежайы арқылы аптасына 23 тұрақты рейс қатынайды. Оның ішінде Нұр-Сұлтан қаласына – 10, Алматыға – 13 рейс. Жалпы, биылғы жылдың 3 айында әуежайдан 32,1 мың жолаушы жөнелтілді.

Айта кетейік, облыс «қызыл» аймаққа өткен жағдайда әуежайға кіріп-шығу талаптары күшейтіліп, жолаушыларды шығарып салушылар мен күтіп алушыларды терминалға кіргізу шектелетін болады.

«БАҚЫТТЫ ОТБАСЫНАН» БАҚЫТ ТАБЫЛДЫ МА?

Негізгі биыл облыс бойынша «Бастау бизнес» жобасына 2500 адамды оқытуға қаражат қаралған. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық жұмыспен қамту үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Гаухар Қалмақова айтты. «Соның ішінде Қызылорда қаласы бойынша 535 адамға грант бөлінген. «Бастау бизнес» жобасы қатысушыларды кәсіпкерлік негіздеріне оқытады. Бұл жобаға жұмыспен қамту орталығына тіркелген, жұмыссыздар, өз бетінше жұмыспен қамтылғандар қатыса алады. Ол үшін азаматтар жұмыспен қамту орталығына немесе «Атамекен» кәсіпкерлер палатасына онлайн өтінім береді», – деді Гаухар Амангелдіқызы.

мен әкім орынбасарын жауапкершілікке тартқан. Жалпы мұндай келеңсіздіктің сол кезде алдын алу мүмкіндігі болған. Егерде тұрғындар «электронды кезекке» тұрғанда мұндай оқылық болмас еді. Дегенмен бір мезетте 500 адамның жиналуы осындай келеңсіз оқиғаға алып келді. Алдағы уақытта мұндай жағдайға жеткізбес үшін әкім орынбасары «Бақытты отбасының» қабылдау бөлімін қаланың басқа аумақтарынан да ашу жоспарда бар екенін айтты. Ал Гаухар Амангелдіқызы түсіндірме жұмыстарын әлі де көбіейту керек дейді.

Облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Ғалымбек Жақсылықов «Атамекен» палатасы онлайн режимде тіркеуге дайын екенін айтты. «Үміткерлер



Өтінім берген соң жұмыспен қамту орталығы үміткерлерді нысаналы топқа жататын мәртебесін тексеріп, жұмыссыз болған жағдайда жобаны оқуға жолдама береді. Кейін кәсіпкерлер палатасы жергілікті атқарушы органмен келісіп, оқытуды өткізу графигін жасайды және тестілеу жүргізеді. Тесттен өткен үміткерлер ғана оқуға қабылданып, оқу соңында үміткер кәсіпкерлер палатасы жанындағы комиссия алдында өз жобасын қорғайды. Сонымен қатар оған оқуды аяқтағаны туралы сертификат беріледі. Комиссия қарауынан сүрінбей өткен грант иегерлері кәсіпкер ретінде мемлекеттік кірістер департаментінде тіркеледі. Бастапқы жарты жылда оған ешқандай салық салынбайды. Бір жыл мониторинг жүргізіліп бизнес жайы қадағаланады. Егер грантты жүзеге асырмаған жағдайда қаражатты қайтаруға міндетті. Мәселен өткен жылы 54 адамның ісі сотқа беріліп, 5 грант мемлекетке қайтарылған.

жұмыспен қамту орталығынан жолдама алғаннан кейін палатаның арнайы сайтында тіркеле алады. Оны өздігінен үйде немесе мекеме қызметкерлерінің көмегімен жүзеге асыра алады. Оқу онлайн форматта 21 күнге созылады. Жалпы облыс бойынша оқытуды жүргізу VI лекке бөлінген», – дейді ол.

VI лек Қызылорда қаласы және Қазалы, Жанакорған аудандарында 13 қыркүйектен бастап жүргізілмек. Ал I лекке оқытуға тек 112 азаматты ғана қабылдау жоспарланған. Алайда кешегі оқиғаға байланысты басшылық келісімімен оның санын 250-ге арттырған. Қалған азаматтарды арнайы журналға жазып алуға. Енді олар келесі лекке тіркелетін болады.

Сонымен қатар тұрғындар аталған жобаға «қызметкерлер өз таныс-жақындарын тіркейді» деп шағымданған да болатын. Қала әкімінің орынбасары арнайы тексеріс жүргізіліп, анықталған жағдайда заң жүзінде жауапқа тартылатынын айтты. Онымен қоса оқиға кезінде терезе шағылып, орындықтар сынған. Бұл іске қатысы бар, мемлекеттік мүлікті бұздырғандарға де тексеру жүргізіліп, жауапқа тартылмақ.

P.S. Бұл оқиға шаһарда бизнес бастағысы келетіндер қатары көп екенін дәлелдегендей. Қала тұрғындары жұмыссыз отырғысы келмейтіндіктен, өз кәсібін ашуды көздейтіндіктен барды деп сенеміз. Дегенмен карантин кезінде тәуекелге бел буып барғанда, дәл сол күні жауапты бөлім тек 250 адамға ғана «бақытқа жетуге» жол сілтей алды. Қалған азаматтар бизнеске алып келетін өз бақытының уақытын күтуге мәжбүр...

Басы 1-бетте

Аслан НҰРАҒАЛИ

СЕССИЯ

Сәрсенбі күні қалалық мәслихаттың мәжіліс залында сессия өтті. Жыныға қала әкімі Ғанибек Қазантаев, мәслихат депутаттары, салалық бөлім басшылары, кент және ауылдық округ әкімдері қатысты.

ҚАЛА БЮДЖЕТІ БЕКІТІЛДІ



Сессияда қала әкімі аппаратының басшысы Ж.Сейілов, экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы Г.Баймаханова, сондай-ақ кент және ауыл әкімдері бірігіп жасауда жасады. Сессияны мәслихат депутаты Ж.Нұрымбетов жүргізді. Жыныға 2020 жылғы 14 желтоқсандағы №404-72/1 шешіміне өзгерістер енгізу, «2020 жылға арналған қала, кент және ауылдық округ бюджеттерінің атқарылуы жөніндегі есеп», қала әкімдігінің дербес құрамын келісу, қалалық жер комиссиясының құрамын және комиссия ережесін бекіту туралы мәселелері талқыланып, тиісті шешімдер қабылданды.

Сессияда қала әкімі Ғ.Қазантаев сөз алып, депутаттарды бірлесіп жұмыс жасауға шақырды. Сессия шешіміне сәйкес қала бюджетін нақтылау барысында Чернобыль атом электр станциясында апаратын зардабын жоюға қатысқан азаматтарға біржолғы әлеуметтік көмек көрсету мән-налын келісу, қалалық округ бюджеттерінің атқарылуы жөніндегі есеп, қала әкімдігінің дербес құрамын келісу, қалалық жер комиссиясының құрамын және комиссия ережесін бекіту туралы мәселелері талқыланып, тиісті шешімдер қабылданды.

Титов мөлтек аудандарын электр желілерімен жабдықтау жобасы да сөз етілді. Арай мөлтек аумағы, Қараманов көшесі, Алты алаш көшесі, Әубәкіров көшесі, Есетов және Тәуке хан көшелеріндегі ауыз су жүйесінің құрылысына, Тасбөгет кентіндегі 15 көшеге малтатасты жолдар құрылысына, Тасбөгет кентінде дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысына, СПМК-70, 70/3, 70/4 тұрғын аудандарында көп қабатты тұрғын үй құрылыстарын жүргізу жұмыстарына қаржы бағытталды.

Жарасхан ҚУАНЫШБАЙҰЛЫ

24 сәуірде Media LitFEST атты онлайн фестиваль ұйымдастырылмақ. Шараны Қызылорда өңірі бойынша үйлестіруші – журналист, медиатренер Дина Ысқақова мен Қызылорда облыстық телерадиосынық продюсері Альбина Байдүйсенова. Бұл шараға қатысуға ниет білдірген ардагерлер жақында «Достық үйінде» бас қосты.



АРДАГЕРЛЕР МЕДИАСАУАТТЫЛЫҚТЫ ҚОЛДАЙДЫ

Жыны барысында үйлестіруші мамандар ардагерлерді фестивальдің бағдарламасымен таныстырып, фестиваль сессиялары туралы қажетті ақпаратты іздеуді, онлайн өтінім мен кері байланыс анкетасын толтыруды көрсетті. Өз кезегінде қызылордалық ардагерлер медиасуатты көтеруге мүдделі екенін білдірді.

Мәселен, Қызылорда қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сайлаубай Әбішев осы жобаға қатысу туралы ұсыныс түскенде ойланбастан келісім бергенін айтады. «Жобаны қолдаймын, себебі бұл – қазіргі кезде біздің қоғам үшін, кез келген орта үшін қажет жоба. Шығып жатқан ақпараттық өнімдердің шындығына көз жеткізу біз үшін қиын болып жүр. Үлкеніміз болсын, кішіміз болсын, белгілі бір дәрежеде қызмет атқарып жүрген азамат болсын, елдің ортасында естігендерін анықтаймы,

тексермей сол күйінде жеткізуге әуестеніп кеткені байқалады», – деді ол жыныда.

Фестиваль спикері «Бизнес-Старт» жастар кәсіпкерлігі орталығының жетекшісі Жанарыс Түбекбаев ардагерлерге сенбі күні өтетін фестивальге «ZOOM» платформасы арқылы қосылудың тәртібін көрсетті. Бір кездері облыста лауазымды қызметтерді атқарған қоғам қайраткері, ардагер Ержан Уәйіс медиасуаттың қажет екенін тілге тиек етті. «Бұл – бүгіндері көкейкесті мәселе. Цифрландыру, ақпараттандыру дәуірінде ел өміріндегі оқиғаны, қандай да бір мәліметті халыққа бұрмалаусыз жеткізу өте өзекті. Сондықтан бүгінгі жиянды ұйымдастырушыларға алғыстан басқа айтармыз жоқ. Мұндай басқосуды жиі өткізуді қалар едім», – деді ол.

«Ақмешіт-ақпарат»

ЖАНКЕНТ ҚАЛАШЫҒЫНА ҚАЗБА ЖҰМЫСЫ ЖҮРГІЗІЛЕДІ

Биыл Жанкент қалашығына үш қазба тобы археологиялық жұмыстар жүргізеді. Археологтар зерттеу жұмыстарын мамыр-маусым айларына жоспарлап отыр. Яғни бірінші отряд қалашықтың бас қақпасының ішкі бетіне қима салу әдісі арқылы және екінші топ бірнеше бөліктен тұратын ірі тұрғын жайға қазба және консервация жұмыстарын жасайды. Ал үшінші отряд қалашықтың итаделінің бекіністі мұнараларын ашады.



— Керамика кешені мен жануарлар сүйектерін зерттеу бойынша ауқымды жұмыстар жүреді. Тиісті зертханалық талдаулар жасалғаннан кейін жәдігерлер музейі қорына өткізіледі. Ескерткіштің ерте дәуірлердегі мәдени қабаттары, қалашықтың батыс бөлігіндегі тұрғын кварталы, ішкі жоспарлары және итаделдің мәдени қабаттарының ерекшеліктері жайлы тың деректер алуамыз. Бүгінде үлкен керамикалық материалдар жинақталды. Олардың типологиясы мен морфологиялық ерекшеліктері зерттеліп, өңделуде. Қалашықты туристік нысанға айналдыру мақсатында қазба нысандарында қайта қалпына келтіру жұмыстары да қолға алынды, — деді Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Археология және этнография» ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі Әзілхан Тәжесев.

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА 203 ШАРА ӨТЕДІ

Сыр өңірінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында бірқатар ауқымды шаралар жүзеге асады. Бағдарламаның 6 басым бағыты мен «Ұлы Даланың жеті қыры» аясындағы арнайы 17 жобаны іске асыруға бағытталған 203 шара бар. «COVID-19» пандемиясына байланысты бұл шаралар онлайн форматта және санитарлық талаптарды қатаң сақтай отырып өткізіледі.




— Биыл Алаштың анасына бағланған, қасиет қонған Сыр өңірінде біршама толымды істерді қолға алып жатырмыз. Осы орайда ұлтына еңбегі сіңген ұлы тұлғаларды насихаттау, ұлықтау мақсатында іс-шаралар жоспарын бекіттік. Бұдан бөлек өңірде жастар арасында бәсекеге қабілеттілікті қалыптастыру, оларға прагматикалық тәрбие беру мақсатында «Тұлға» жобасын жүзеге асыруда. Аталған жоба аясында өз саласында жетістікке жеткен, жастарға үлгі боларлық азаматтар жайлы бейнероликтер дайындалып, YouTube бейнехостингінде жариялануда. Бұның барлығы елдің жаңғыруына, келешек ұрпақтың елі мен жерін сүюге, бәсекеге қабілетті жастардың жаңа бір тынысының ашылуына сеп болары сөзсіз, — деді «Рухани жаңғыру» орталығының директоры Уәлихан Ибраев.

Бағдарлама аясында тәуелсіздіктің 30 жылдығы, Ыбырай Алтынсаринның 180 жылдығы, Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығы, Әлихан Бөкейханұлының 155 жылдығы, Қажымұқан Мұнайтпасұлының 150 жылдығы республикалық деңгейде аталып өтілмек. Ал өңірмізде Жалаңтос Баһадүрұлының 445 жылдығы, Сартай батырдың 310 жылдығы, Кете Жүсіп Ешніязұлының 150 жылдығы, Ыбырай Жақаевтың 130 жылдығы өткізіледі.

«Ақмешіт-ақпарат»

■ ДЕПУТАТ МІНБЕРІ



Биылғы жыл сайлаумен басталғаны белгілі. Халық 10 қаңтарда мәжіліс пен мәслихат депутаттарын сайлады. Жұртшылық бұл жолы жекелеген адамға емес, саяси партияларға дауыс берді. Араға 5 күн салып, мәслихат депутаттары мандаттарын қолына алды. Жыл басындағы саяси додандан бері 100 күннен аса уақыт өтті. Осы аралықта халық қалаулыларының не бітіргенін білу мақсатында Қызылорда қалалық мәслихат хатшысы Ибадулла Құттықожаевты сөзге тартқан едік...

**Ибадулла ҚҰТТЫҚОЖАЕВ,
қалалық мәслихат хатшысы:**

«АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІН ҮЛГІ ТҮТАМЫН»

— Ибадулла Дүйсенбайұлы, сайлау болған 10 қаңтардан бері 100 күннен аса уақыт өтті. Қалалық мәслихат депутаттарының мандат алғанына да үш айдың жүзі болды. Осы аралықта қалалық мәслихат не істеді?

— Қазіргі таңда VII шақырылым бойынша «Nur Otan» партиясы, «Қазақстан халық партиясы», «Ақ жол» партиясынан сайланған 22 депутат жұмыс жасауда. Әрбір депутатқа аумақтық бөліністер бекітіліп, халық қалаулылары өздеріне бекітілген аудандардағы халықпен кездесіп, өзекті мәселелермен толық танысты деп айтуға болады. Бүгінгі күнге дейін мәслихатта 70-ке жуық жеке қабылдау өткізіліп, тұрғындар тарапынан 100-ден аса мәселе көтерілді. Сонымен бірге қалалық мәслихаттың 6 сессиясы өткізіліп, онда қала және елді-мекендердің бюджеті, даму сызбалары, жолаушы тасымалының мәселелері қаралды.

Депутаттар жолаушы тасымалына қатысты мәселелерді зерделегенде «Автобус паркі» мекемесінің «Еуропа даму және қайта құру банкі» алдындағы несиелік қарызы, пандемия салдарынан жолаушы ағынының азаюына байланысты бірнеше бағыттардың №3, 20, 19/ жайылуы немесе шығындарды ақтамауына байланысты көлік санының азаюы және 2007 жылы жасалған көліктердің жол сызбасының ескіруі секілді бірнеше өзекті проблема анықталды. Міне, осы мәселелерге қатысты өз ұсыныстарымызды бердік. Алдағы уақытта бақылауымызда болады.

Соңғы уақытта елімізде өкінішті жағдайлар, оттан судан, түрлі жол апатынан болған қайғылы оқиғалар көбейіп кетті. Осыған орай, ата дәстүр ізімен VII шақырылған Қызылорда қалалық мәслихатының депутаттары мал шалып, орталық мешітке тасаттық берді. Сондай-ақ көктем басталысымен депутаттар, қаланы көгалдандыру мәселесін басты назарда ұстап келеді. Бұл ретте тұрақты комиссия отырысына көгалдандыру және аяқ сумен қамтамасыз ету мәселесі шығарылып, комиссия отырысы алдында сала мамандары талқылау өткізді. Депутаттар қаланы көгалдандыру үшін алдымен аяқ су мәселесін шешу, арықтар мен каналдарды тазалау, гүл егу шараларының тиімділігін арттыру қажет екенін алға тартты. Апта сайын сенбіліктер ұйымдастырып, ағаш егу жұмыстарын жалғастырып келеміз. Депутат Ерлан Мұсаевтың бастамасымен тұрғындарға 5 мыңнан аса көшет таратылды. Осы жерде

Бүгінде экологиялық ахуалды оңалтудың жалғыз жолы — ағаш егу, қоршаған ортаны күтіп ұстау. Ауадағы улы газды өзіне сіңіріп, оттегін бөлетін, даланы шөлге айналудан сақтайтын айналымызды жасыл желекке айналдырудың маңызы жоғары. Бұл ретте мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауында «Қоршаған ортаны қорғау және экологиялық даму — еліміз үшін алдыңғы кезекте тұрған мәселе ретінде атап өтіп, бес жыл ішінде орман алқабында 2 миллиард, елді мекендерде 15 миллион ағаш отырғызу қажеттігін атап өтті. Туған елге қызмет етудің озық үлгісі — айналымызды көркейтуге қамқорлық жасаумен өлшенеді. Сондықтан биылғы көктемнің әр күнін тиімді пайдаланып, өз аулаңызды, көшеңізді, мекеме айналысын көгалдандырып, көп шығынды қажет етпейтін тал егу, табиғатты күтіп баптау шарасына атсалысуға шақырамыз.

қалалық мәслихат депутаттары тұрғындары мен мекеме, ұжым басшыларына және кәсіпкерлерге арнайы үндеу жариялап, табиғатты күтіп-баптауға шақырғанын айта кеткен жөн.

Сонымен бірге комиссия жұмысы аясында депутаттар Талдырал елді мекені маңында орналасқан Қызылорда орман және жануарлар дүниесін қорғау мекемесінің тұқымбағымен танысты. Қазіргі таңда көлемі 1,5 га құрайтын тұқымбақта 51 мың ағаш көшеттері өгіліп, толығымен тұқымдыққа беруге дайын. Алайда сала мамандары көгалдандырумен айналысатын мекемелер, кәсіпкерлер және қала тұрғындары тарапынан соңғы үш жыл көлемінде көшеттерге сұраныстың жоқ екенін айтады. Сұраныстың жоқтығынан көптеген қазылған көшеттер қурап қалған. Бұл мәселе де тұрақты комиссия қарауына шығарылып, тиісті шешімдер қабылданып отыр.

Қалалық мәслихат жанындағы құқық қорғау және әлеуметтік қолдау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының отырысында «Арнайы бағыттағы (санаторлық) балабақшалардың қазіргі атқарып отырған жұмыстары туралы» мәселе қаралды. Комиссия отырысында балабақшаға келетін

- **Өмірлік ұстанымыңыз қандай?**
- Шыншылдық, адалдық, адамдық қасиеттен айнымау.
- **Кімді үлгі тұтасыз?**
- Алаш қайраткерлерін үлгі тұтамын.
- **Жастарға қандай кеңес бересіз?**
- Өмірлік бағытын дұрыс таңдап, оқу мен ізденуді тоқтатпау керек.
- **Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстанның ең басты жетістігі не деп ойлайсыз?**

— Санамалай айтсақ, жеткен жетістік аз емес. Бірақ соның ең бастылары ретінде шекарамыз шегенделіп, мемлекеттік рәміздеріміз бекітіліп, Қазақстан тәуелсіз ел ретінде әлемдік саяси аренада өзін мойындатқанын айтар едім.

балалар санының азайып кетуі, биылғы жылдан бастап балабақшаларға бөлінетін қаражаттардың жан басына шаққандағы есептеменен төленуіне орай балабақша қызметкерлерінің еңбекақысына қаражаттың жетіспей, олардың басым көпшілігі 0,5 жүзетемеге ауыстырылғандығы және емханалар жанындағы комиссиялардың мерзімінде өткізілмейтіндігі жөнінде өзекті мәселелер көтерілді. Қалалық мәслихат депутаттарының ұсынысы ескеріліп, қалалық білім бөлімі тарапынан санаторлық балабақшалардың функционалдық жарғысына сәйкес, қызмет көрсету мәселесі зерделенді. Нәтижесінде №3 «Қарлығаш», №4 «Қуаныш», №8 «Бүлдіршін» санаторлық балабақшаларын мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын ретінде қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылданды.

Биылғы жоспарға сәйкес, қалалық мәслихаттың сессияларында Қызылорда қаласы бойынша шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту, агроөнеркәсіп кешенін дамыту мен жақсарту, Қызылорда қаласы әкімінің өзіне жүктелген функциялары мен міндеттерді орындауы туралы есебін қарау жоспарланған. Дегенмен тек сессия отырыстарында ғана емес, халықтың тұрмыс тіршілігі үшін ең бірінші қажеттіліктерді маңызды басымдық ретінде қарап, жұрттың талап тілегіне сай қоғамдық маңызды мәселелерді сессия, тұрақты комиссиялар қарауына кезек күттірмей шығарып келеміз.

— **Биылғы мәслихат құрамының осыған дейінгі шақырылымдардан айырмашылығы бар ма?**

— Айырмашығын айтатын болсақ, елімізде енгізілген әйелдер мен жастар үшін 30 пайыздық квота мәселесіне орай қалалық мәслихаттың VII шақырылымы бойынша

депутаттардың 22,7% әйелдер және 22,7% 35 жасқа дейінгі жастар. Депутаттық корпус 68,2% жаңарып, 15 депутат алғаш сайланған депутаттар қатарында.

Депутаттар құрылымы, кәсіпкерлік, білім, энергетика, коммуналдық, мұнай, банк, медицина, әлеуметтік, су шаруашылығы саласы бойынша жұмыс жасайтын, өз ісінің білікті мамандары. Жетінші шақырылымдағы барлық депутаттардың белсенділігі жоғары, мәслихатқа келіп түскен, әрбір мәселеге серке қақпап, жүйелі жұмысты атқаруда.

— **Әрбір сессия алдында тұрақты комиссиялардың бірлескен отырысы өтеді. Жалпы қалалық мәслихат құрамында қанша тұрақты комиссия бар? Олардың жұмысы қай бағытта құрылған?**

— Қызылорда қалалық мәслихатының I сессиясында қалалық мәслихаттың тұрақты комиссиялары құрылып, құрамы сайланып, төрағалары бекітілді. Қалалық мәслихат құрамында 3 тұрақты комиссия бар.

«Бюджет және экономикалық даму мәселелері жөніндегі» тұрақты комиссиясының төрағасы — депутат Ерлан Нұрғазиев. Комиссия өз отырыстарында қала бюджетіне

өзгерістер мен толықтырулар енгізу, қаржыны бөлу, депутаттар тарапынан берілген ұсыныстарға қатысты қаржы қарау, бюджеттің кіріс бөлігінің орындалуын, қаржының тиімді жұмсалып бақылауға алып, сессияда қаралатын бюджет мәселесін жан-жақты талқылап, өз ұсыныстарын енгізіп отырады.

«Құқық қорғау және әлеуметтік қолдау, жастар ісі мәселелері жөніндегі» тұрақты комиссиясының төрағасы — депутат Қайрат Ернарзоров. Комиссияның құзіретіне әлеуметтік мәселелер, білім, мәдениет, жастар ісі, құқық қорғау салаларының жұмыстарын сараптап, мәслихат қарауына ұсыныс беру кіреді. Сонымен қатар қала көлеміндегі әлеуметтік ахуал, көмекке мұқтаж, тұрмысы төмен және мүгедек жандарға көмек көрсету, қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу, жастар ісі мәселелерін назарға алатын болады.

«Өндіріс, тұрғын үй, коммуналдық шаруашылығы және экология мәселелері жөніндегі» тұрақты комиссиясының төрағасы — депутат Мұхиджан Кәрімбаев. Бұл комиссия қаладағы коммуналдық саланың жай-күйі, қаланың жылу беру маусымына дайындығы, экология, ауыз су, аяқ су, өндіріс, кәсіпкерлік салаларының мәселелерін үнемі назарда ұстап отыратын болады.

Бүгінгі күнге дейін аталған комиссия отырыстарында Қызылорда қаласын дамыту бағдарламаларының нысаналы индикаторларға қол жеткізу көрсеткіштері, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қолдау құрысты, санаторлық балабақшалардың жағдайы, көгалдандыру, аяқ сумен қамтамасыз ету мәселелері қаралды. Сонымен бірге алдағы уақытта «Кәметел жасына толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу және балаларды қадағалаусыз және

панасыз қалдырудың алдын алу жұмыстары», «Білім беру ұйымдарындағы тәрбие беру», «Қызылорда қаласында тұрғын үй салу мақсатында берілген жер учаскелерінің берілу барысы және олардың мақсатты игерілуі», «қалалық құрылыс бөлімінің атқарып жатқан жұмыстары мен перспективалық іс-шаралары» мәселелері комиссия отырыстарында қаралатын болады.

— **Мәжіліс пен мәслихаттың сайлауы бір күнде өтті. Мәжіліс депутаттарының атқаратын қызметі дүйім жұртқа белгілі. Олар Парламентте отырғаннан кейін қолы да ұзындау, сөзі де өтімді екені жасырын емес. Ал жергілікті мәслихат депутаттарының мәжілісмендер секілді «құрығы» ұзын ба? Жалпы мәслихаттың салмағы қандай?**

— Мәслихат тарихына шегініс жасасақ, жергілікті өкілді органдарының алғашқы шақырылым депутаттары қызметке кіріскен уақыт ел тәуелсіздігі жарияланған уақытпен тұтас келді. Мәслихат депутаттарының сол кездегі іс-қимыл әрекеттеріндегі басты міндеті — бюджеттегі көлемі шектеулі қаржының мейлінше тиімді және мақсатты пайдалануын қамтамасыз ету, халықтың әлеуметтік жағдайының одан әрі төмендеуіне жол бермеу, жергілікті жерлерде орын алып отырған проблемаларды қолдан келгенше шешуге тырысу болды. Ал қазір жергілікті мәслихаттар қоғамды демократияландыру процесінде халықтық желіктің негізгі формаларын қалыптастырған жергілікті өзін-өзі басқарудағы маңызды органға айналды. Депутаттардың ықпалымен шешімін тапқан көптеген мәселе бар.

Қазіргі депутаттар жұртшылықпен байланысқа ашық, қоғамдық диалог орнатуға ниетті, адамдардың мұң-мұңтажына жедел назар аударып келеді деуімізге толық негіз бар. Бұл ретте қалалық мәслихат пен барлық депутаттардың әлеуметтік желілерде парақшалары ашылып, сайлаушылардың ұсыныс-пікірлеріне дер кезінде жауап берілуі және қалалық мәслихаттың барлық іс-шаралары тікелей эфир форматында өткізіліп келеді.

— **Қазір заман басқа, қоғам өзгерген. Бүкіл әлем алақандай ұялы телефонға сыйып кеткен кез болып тұр. Тұрғындар айтатын мәселесін осы ұялы телефонның көмегімен әлеуметтік желіге жүктейтін болды. Ондай жазбалардың астына «Әкім қайда қарап отыр?» немесе «Депутаттар не істеп жатыр?» деген сынайдағы пікірлер жазылып жатады. Жалпы елдің үнін, жұрттың мұң-мұңтажын жергілікті билікке жеткізу үшін қалалық мәслихат депутаттары не істеді?**

— Жоғарыда атап өткеніміздей, депутаттар аумақтық бөліністеріне сәйкес, 90-ға жуық өзекті мәселені анықтайды. Бұл мәселелер қала әкіміне ұсынылатын болады. Қаланың жаңа басшысы Ғанибек Қазанғаев елді мекендердің 7 депутаттың қабалдап, бірге елді мекендерді аралап, өзекті мәселелерді талқылады. Алдағы уақытта қала басшысының назарына қалалықтардың өзекті мәселелерін ұсынып, тұрғындармен кездесулер ұйымдастыратын боламыз. Бұдан басқа сессия отырыстарында әрбір депутат өздерінің өзекті мәселелерін атқарушы органдар жетекшілеріне ашық қойып, сессия отырыстары тартысты өткізіледі. Алдағы уақытта қала басшысы қаланың депутаттарын қабылдайтын болады.

— **Бүкпесіз әңгімеңізге рақмет!**

Сұхбаттасқан **Ә.ЖҰМАДІЛДӘУЛЫ**
Суретті түсірген **Н.НҰРЖАУБАЙ**

6 кәсіпкерлік нысан «Ashyq» жобасына қосылды

Пандемия салдарынан енгізілген шектеулер бизнес өкілдеріне әзірге еркін жұмыс жасауға мүмкіндік бермей отыр. Осы мәселені шешу мақсатында Қызылордада «Ashyq» жобасы қолға алынды. Аймақта алғашқы 6 кәсіпкерлік нысан «Ashyq» жобасына тегіс режимде қосылды. «Ashyq» мобильді қосымшасы вирустың таралу қаупін және инфекция жұқтырудың санын азайтады. Сонымен қатар бизнеске карантин шаралары кезінде өз қызметін жалғастыруға және азаматтардың өз үй-жайларында болу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған мобильді қосымша.

Облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Ғалымбек Жақсылықовтың айтуынша, жобаға компьютерлік клуб, «Жібек жолы» кинотеатры, бассейні және боулинг орталығы қосылған.

— Облыстағы қолданыстағы қаулы бойынша бассейндер мен кинотеатрлар уақыт және


сыйымдылыққа қатысты шектеумен жұмыс жасап тұрған болса, боулинг, компьютерлік клубтарға «Ashyq» жобасына қосылғандарға ғана рұқсат етілген. Кәсіпкерлердің жобаға деген қызығушылығы жоғары. Себебі екі кәсіпкерлік нысандар ертеңгі күні эпидемиологиялық жағдайда да жұмысының

тоқтамалық қалайды. «Ashyq» жобасының негізгі мақсаты да осы — кәсіпкерлерге кедергісіз жұмыс жасауға мүмкіндік беру, — дейді облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры. «Ashyq» — қоғамдық орындарға келушілерді тіркеу қосымшасы. Қоғамдық орында кіреберісте пайдаланушы арнайы QR-кодты сканерлеп, оны әкімшіше көрсетеді. Код келушінің статусын анықтайды. Статус ПТР-зерттеулерінің бірыңғай интеграциялық порталы және ҚР Денсаулық сақтау министрлігі жанындағы COVID-19-ды бақылау орталығы апаратын жүйелерін салыстыру негізінде тағайындалады.

Кәсіпкерлер «Ashyq» жобасына қатысу үшін арнайы QR-код алады.

Ол үшін кәсіпкер «infoKazakhstan.kz» сайтына өтініш беруі керек. Өтініш кәсіпкерлер палатасына түседі және оның жоба шартына сәйкестігі тексеріледі. infoKazakhstan.kz платформасы QR-кодты әзірлеп шығарады.

Әрі қарай код алып, қосымшамен жұмыс істеді үйренеді және 1 апта сынақ режимінде жұмыс істеп көреді.



QR-код бизнес нысандарына ғана беріледі. Бұл нысан атауы, оның орналасқан жері және басқа да сәйкестендіру деректерін көрсетумен электронды идентификаторды біл-

діреді. Бір нысанға кіреберісте және шыға берісте ең кемі 2 QR-код беріледі. Егер нысанда бірнеше кіріп-шығу жолы болса, онда әр кіреберіске жеке QR-код ілінеді.

Бүгінде осы тәжірибе Оңтүстік-Шығыс Азия елдері — Гонконг, Сингапур, Малайзияда кең қолданылуда.

Жарасқан ҚУАНШЫБАЙҰЛЫ

■ АТАМЕКЕН, МЕН СЕНІ БІЛЕМІН БЕ?

Бұл аймақтың «жер жәннаты – Жетісу» аталатыны неілектен? Ал «Жетісу» атауы нені білдіреді? Ғалымдар өңірдің Жетісу аталуын жеті түрлі өзенмен байланыстырады. Алайда нақты қай өзендер дегенде олардың пікірлері сан тарапқа бөлінеді. Мысалы, А.К. Гейнс жеті өзенге: Лепсі, Басқан, Сарқан, Ақсу, Бүйен, Қаратал және Көксу өзендерін жатқыза, А.Влангали Басқан, Сарқан өзендерінің орнына солтүстік-шығыстағы Аяғөз, оңтүстік-шығыстағы Іле өзендерін атайды. Ал кейбір географтар өңірдің шығу тарихы нақты өзендермен емес жалпылама алғанда өзенге бай өңір болғасын және қазақта жеті санын киелі санауымен байланыстырады. Жетісу аумағы Солтүстіктен Оңтүстікке дейін 900 шақырым және Шығыстан Батысқа дейін 800 шақырымды алып жатыр. Осындай ұлан-ғайыр алқаптың табиғаты да әртүрлі. Таудың етегі ауасы ылғалды, салқын болса, енді бір жерлерде көк майсаға бай, өзендер мен тау бұлақтары көп, егін егін, мал жанаға өте қолайлы жерлер кездеседі.



Жер жәннаты – ЖЕТІСУ

ТАБИҒАТТЫҢ ТАРТУЫ – ӘУЛИЕ АҒАШ

Жетісу жерінде жуандығына бес адамның құшағы ерең жететін, жеті ғасырдан бері өсіп тұрған алып ағаш бар. Күллі халық ол ағашты «Әулие ағаш» деп атайды. Ел ішінде ағашқа қатысты аңыз-әңгімелер мен оқиғалар жиі айтылады. Дендролог мамандар бұл ағашқа ғылыми анықтама бермесе де оның қарағаш екені мәлім. Оның жасы ел айтып жүргендей 700 емес, 750 жылдан да көп болуы мүмкін.

Бүгінде алып ағаштың айналасы толықтай қоршалған. Тәу етіп келушілерге арнап салынған өз қонақжайы, асханасы бар. Әулие ағаштың қалың елдің назарын өзіне аудартып, әрі «әулие» атанатындай қандай қасиеті бар десеңіз, мына аңыз-әңгімелерге назар аударыңыз. Есте жоқ ескі замандарда Құдайдың жеті сүйікті құлы Меккеге сарналар бара жатып, осы жерге аялдаған. Солардың ішінде Шамашұрып деген әулие жатар алдында қолындағы асағаштың жерге қадап қояды. Таңертең қараса әлгі тағма жан бітіп, тамырын тереңге тартқан, жапырағы жайқалып тұрғанын көреді. Сол кезде Жаратқанның шексіз құдіретіне сансыз мадақ айтуын тоқтатпаған Шамашұрыптың жүрегіне «Тіме, өсе берсің!» деп аян берілген деседі. Содан бастап Шамашұрып баба Меккеге жеткенше жеті жерге асатаяқ қадап кетіп отырған. Қасиеті артқан мұндай ағаш дәл қазір әлемнің үш елінде бар. Оның бірі – Меккеде, екіншісі – Қытайда, ал үшіншісі – осы.

ТАМШЫБҰЛАҚ ТАРИХЫ

Табиғаттың сыры бізге беймәлім небір жақұт-жауһарлары бар. Солардың бірі – жер жәннаты Жетісудағы Тамшыбұлақ мекені. Көз жасындай мөлтілдеп төменге құлап ағып жатқан бұлақ суын жергілікті халық емдік су деп атайды. Табиғаттың тамаша сыйын пайдаға асырақ, халықтың демалуына, туристерді тартуға мүмкіндік болар еді. Әйтсе де Ақсу өңірінің тұрғындары Қапалдағы көрікті орынға тамсанмен келеді.

Қапал – Жетісу жеріндегі табиғаты тамыздан, тарихи тұнып тұрған өңір. Бір ғана Күреңбел асуы сан

Ең, ең, ең...

ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ СУЫҚ ЖЕР

Әлемдегі ең суық жер – Антарктида. Ол – Оңтүстік поляр аймағының орталығындағы материк. Антарктиданың көлемі 14 млн шаршы шақырым шамасындай және мұнда 5000 (тұрақты емес) адам тұрады. Материк Атлант, Үнді және Тынық мұхиттарымен қоршалған. Құрлықты ең алғаш болып 1820 жылы орыс саяхатшылары Беллинсгаузен мен Лазарев ашқан.



Антарктиданы түгелдей қалың мұз басып жатады. Ол мұздың орташа қалыңдығы шамамен 1500 метр болса, ең қалыңы 4000 метрді құрайды. Өсімдіктер мен жануарлар тек теңізге жақын жерлерде ғана кездеседі. Одан бөлек, Антарктида дүние жүзіндегі ең биік құрлық болып саналады. Оның мұзжамылғасымен бірге есеентенгенді білгікті – 2040 метр.

Құрлық жер бедеріне байланысты Батыс және Шығыс Антарктида болып екіге бөлінеді. Оларды жан жағынан жағалаулық және ішкі құрлықтық белдеулер қоршай орналасқан. Климаттық ерекшелігі бойынша Антарктида суықтық полюсті. Сондай-ақ ол жер шарындағы ең күшті желдер мен жазғы жымияттық радиацияның да полюсі болып табылады. Қысы мерзімде континенттегі температура 60-70 градус суық, жазда 30-50 градусқа дейін суық болады. Жылдың басым бөлігінде, яғни 340 күн бойы қарлы боран соғады.

А.БІРКЕНОВ

баяуымен сұлу көрінсе 1,5 ғасырлық тарихы бар Қапал ауылынан XIX ғасырдың талай ждігерін байқайсыз. Мұнда орыс көпестерінің ағаш үйлері де, Шоқан Уәлиханов екен 3 емен де әлі күнге бар. Тамшыбұлақ айналасын жалбыз көмкеріп, жап-жасыл мұқ басқан бұл қабырғалардан қысы-жазы көздің жасындай тамшылар ағып тұрады. Бір ерекшелігі, бұл қабырғалар сан ғасыр өтсе де еш мүжілмеген.

Тамшыбұлақтың суы өте мөлдір әрі мұздай. Ішкеннің шөлін қандырып, шомылғанда сергітеді. Ауыл ақсақалдарының айтуынша, суы азайғанымен, еш бүлінбеген. Емдік қасиеті бар. Жергілікті жұрт кейде ем іздесе немесе енесі түссе, осы бұлақтың басына келеді. Қысы-жазы бірқалыпты ағып жататын Тамшыбұлаққа қатысты ел аузында аңыз қалған.

КӨЛСАЙ КӨЛІ

Жетісу жерінің сұлу төрі саналатын ауданның мерейі мен мәртебесін асырып отырған көркем өңірлер жетерлік. Соның бірі әрі бірегейі алыс-жақын шетелдердің қызығушылығын туғызып жүрген көрікті Көлсай. Түп-тұнық, қашан барсаң да көкпенбөк болып көздің жауын алып жататын Көлсай көлі шын мәнінде галамат. Аялап қана алақанға салғандай, айналасы жасыл шыршамен ғана көмкерілген мөп-мөлдір сұлулық символы. Табиғаттың тамаша туындысы іспетті.

Сұлу да сымбатты, көркем де келбетті Көлсай өлкеңіз ғана емес, Отанымыздың да мақтанышы. Үкіметіміздің арнайы

қаулысымен «Көлсай» көлдері» ұлттық табиғи парк мемлекеттік мекемесінің құрылып, жұмыс жасап келе жатқаны да соның дәлелі. Бұл таңғажайып көл мемлекетіміздің тікелей назарында, қамқорлығында. Көлсай көлдері – өлкеңіз мақтанышы.

Көлсайдың тамаша өңірі жануарлар мен өсімдік әлеміне бай. Тіпті ғажайып мекенде сирек әрі жоғалып бара жатқан өсімдіктер мен жануарлар ұшырасып жатады. Оған тандануға болмайды. Мұнда көне мәдениеттік мұраның орындары бар. Ұлттық парк аумағында 40 түрлі жеміс-жидек өседі. Көлсай өңірінде 226-ға тарта жан-жануар кездеседі. Жалпы алғанда Қазақстандағы жануарлардың 21 процентін дәл осы өңір құрайды. Аталған жан-жануарлардың ішінде Қызыл кітапқа енген сүт қоректілердің 6 түрі, құстардың 13 түрі бар.

АЛАКӨЛ КӨЛІ

Алакөл ойпатында ұзындық 120 шақырымдай, ені 55 шақырым болатын Алакөл көлі бар. Демалыс аймағында жүргізілген соңғы жөндеу жұмыстарынан кейін, Алакөлдің көркіне көрік қосылып, жыл сайын демалушылардың қатары көбеюде. Көл суы көптеген ауруларға ем. Жағаға жақын, тығыз орналасқан демалыс үйлері өте көрікті және мейрамханалар саны да көп. Алакөлдің шипалы суын танымалдығы сонша, әлемнің түпкір-түпкірінен армандап келетіндер аз емес. Жаздың ыстық күндерінде бұл жерге кемінде 100-150 мың адамға дейін келіп кетеді екен.



ТҮРГЕН САРҚЫРАМАСЫ

Түрген сарқырамасы – Іле-Алатау ұлттық саябағының сұлу шатқалында орналасқан. Алматы облысының туристер баратын орындарының бірі. Түрген шатқалында 7 сарқырама бар. Адамдардың жиі баратыны «Аюль» және «Қайрақ» сарқырамасы.

«Қайрақ» сарқырамасындағы ағаштың биіктігі 40 метр. Шатқал жер бетіне жайылып шыршалы кілем құратын өзінің Шың Түрген мұкті шырша ағаштарымен танымал. Түрген шатқалы – Алматыдан шығысқа қарай 70 шақырым жерде орналасқан, Іле Алатау табиғи паркінің көрікті жерлерінің бірі саналады.

Табиғаты көрікті, ауасы саф, суы таза Түрген шатқалы флора мен фаунаға өте бай. Мұнда құрғақшылыққа төзімді Семенов үйеңкісі, Мушкетер құрғакқасы, жабайы өрік ағашы, Сиверс алма ағашы, қайың мен терек, қылқанжапырақтардың түрлері, оның ішінде шырша қаулап өседі. Түргенде бұтасын өсімдіктерден қарақат, борикарақат, таңқурай, бұлдірген, қойбұлдірген, итмұрын өседі. Жануарлардан қоян, борсық, тыяң, қабан, тауешкі, қасқыр, аюды және жылан мен құстың түрлерін кездестіруге болады. Ерте заманда бұл жерде шығысқа қарай, яғни Қытай мен Үндістанға керуен жолдары жүретін болған. Түрген ойпаты өзінің су сарқырамаларымен әйгілі.

Қазақстан – табиғаты көркем, жанға жайлы әсем жерлерге өте бай өлке. Біздің елдегі көрікті жерлерді айтып тауыса алмайсың, сірә!

Жарасқан ҚУАНЫШБАЙҰЛЫ



THE WALL STREET JOURNAL.

ҚЫТАЙДЫ АЛАҢДАТҚАН МӘСЕЛЕ

Сонымен қатар мақалада «қыз-келіншектер неілектен күйеуге шығуға асықпайды?» деген сауалға жауап ізделген. Шешім ретінде бірнеше маманның пікірін келтіреді. Алдымен «аспан асты еліндегі» әйелдердің болмыс-бітімі туралы еңбектердің егесі Хонг Финчтердің сөзі қосылды. Ол қытай қыздарының тұрмыс құруға қарсылық білдіруі феминизм әсері емес, өзгерген орта деген ұстанымда екенін айтқан. «Билік үшін ең үлкен мәселе – жайдан-жай отбасы құруға қарсылық білдіретін қарапайым әйелдер» дейді Хонг Финчтер. Ал Калифорния университетінің әлеуметтану профессоры Ван Фэн: «1990 жылы әрбір қытайлық қыз 30 жасқа дейін тұрмыс құрушы еді. 2015 жылдан бастап Шанхай секілді үлкен қалаларда 30 жасқа дейінгі әрбір бесінші қыз-келіншек мүлде тұрмыс құрмаған» дейді.



«Мемлекеттік статистика көрсеткендей, қытай эмигранттарының 85 проценті отбасын құратын жасқа келген. Алайда олар аптасына 44 сағат жұмыс істеп, отбасын құруға, қарым-қатынас жүргізуге уақыты болмайды. Сондай-ақ жас қытай қыздары неке институтының келенсіздігі туралы көп айтады. Қазір тұрақсұнарлар мен ата-ана тарапынан болатын тұрмыс құруға үндеу, қысым көрсетуге қарсылық шарасы белен алды. Оның үстіне косметика жарнамасымен айналысатын SK-II компаниясы ұйымдастырған қарсылық шарасы отқа май құйып, қарсылықты қолдаушылар саны артып келеді. Алайда бұл жалғыз басты қыз-келіншектер некеге тұруға түбегейлі қарсы дегенді білдірмейді. Оған итермелейтін мемлекеттегі гендерлік теңсіздік, жұмыс пен білім алудағы кемсіту оқиғалары себеп болуы.

Бұл өлкімнің қызыл тартуы үшін партия көптеген бағдарлама қабылдаған. Си Цзиньпин мырза болса, қоғамдағы құндылықты қалпына келтіру, ұлт болашағын қалыптастыру, отбасы беріктігін нығайту үшін әйелдердің ықпалын көтеруге керек дегенді айтады. Алайда мұндай ділмар сөз де нәтиже берер емес. Жыл сайын отбасы құрғандар саны кеміп келеді. Мысалы, 2014 жылы елдегі 1000 адамның 9,6 проценті шаңырақ көтерген болса, 2019 жылы бұл көрсеткіш 6,6 процентке азайған. Көрсеткіштің мұнаша төмендеуіне ықпал еткен – ондаған жылға созылған «бір бала» саясаты. Қазір Қытайда отбасын құруға қауқарлы адам саны тым азайған. Сондай-ақ елдегі ажырасу оқиғалары да өз әсерін тигізген. Осы мақсатта биыл білік сотқа жүгінген ажырасуға ниетті жанұяра 30 күндік татуласу мерзімін бекітті.

Авторлар ажырасудың тағы бір басты итермелейтін күшін көрсетеді. Ол – отбасындағы зорлық-зомбылық. Мақалада Бейжіңдегі әйел құқығын қорғауға арналған «Equality» ұйымының басшысы Фэн Юанның қоғамдағы әйелге көзқарас, зорлық-зомбылық туралы пікірі қамтылған. Оған қоса қытайдың жоғары лауазымды сотының мына бір дерегін ашық жариялапты. Онда ажырасуға келген өтініштің 70 проценті әйелдер тарапынан түсетіні айтылған. Сондықтан «аспан асты еліндегі» қыз-келіншектердің отбасын құрудан қашуы зорлық-зомбылыққа қарсылық белгісі көрінеді.

Ажырасу мен отбасын құруға күшіненбастау дәстүрлі қоғамның ағартығы деген пікірдің жаны бар секілді. Өйткені дәстүрлі сана-сезім берік қалыптасқан материктік Қытайға қарағанда, өзге елдің дәстүр-салты араласқан Гонконг, Тайвань аралдарында жастар ерте жастан шаңырақ көтереді екен.

Сонымен, миллионның жайына «мұрты қисаймайтын» қытайдың ерте шаңырақ көтеруді жалпыұлттық науқанға айналдыруының сыры неде? Неліктен партия жиыны мен бағдарламасында бұл мәселе көтеріліп, Төраға не үшін келенсіздікті шешуді тапсырды? Оның мәнісін білу үшін мақаладан тыс Қытайдағы және әлемдік ағылшынтілді басылымдар мен агенттіктерге шолу жасау жеткілікті еді. Соған орай, ғаламторда соңғы бір жылда қытайдағы «сұрбойдақтар» мен «өң жақта отырған» қыздар туралы жарияланған мақалаларды адақтап шықтық. Бағамдасқақ, қытайдың мұнаша алаңдауынның астары жалғыз «қыз камы» емес, жалғызбасты ерлер мен ұлт сапасы екен...

Ол былай. Қазір қытай қоғамында ауылда өскен сауатсыз, кедей, үйленбеген ерлер көп. Нақтырақ, 24-33 миллион. Мұны қытайдың әлеуметтік жіктеліміне «түл бұтақ» санаты дейді. Яғни қаржылай қауқары жоқ, әлеуметтік тұрғыда әлсіз азаматтар. Қызығы сол, партия елде кездесетін түрлі қылмыстың өршуіне осы санаттағы және отбасын құрмаған азаматтар ықпал етті деп, ұлт сапасына қауіп төндірмеу мақсатында «оңалтуға» көшкен. Мысалы, елдегі ықпалды «Жэньминь жибао» (ағл. «People's Daily») газетінде осы тақырыпта мынадай дерек келтіреді: «Үйленбеген ер-азаматтар тұрмыс құрмаған қыз-келіншектерге қарағанда қауіпті. Себебі некеге тұрмаған ауылдағы азаматтар арасында құмар ойын, қылмыс, адам саудасы, жезекшілік ұйымдастыру тобына қатысу болғандар кездеседі» деген.

«Алайда үшінше күл қуырып отырған жоқ. 2016 жылы билік кеш үйленгендерге (25 жасан жоғары ерлер мен 23 жасан жоғары қыз-келіншектерге) жана шығарық көтергендерге берілетін қосымша жетікүндік демалысты бермейтін болды. Сондай-ақ кең көлемде үгіт-насихат жұмысын жүргізіп, некеге тұру көрсеткішін арттырмақ».

Түпнұсқадан аударып, шолу жасаған Басы 1-бетте Еркін ШАМШАДИН